«Бекітемін»

Мектеп директоры [illegible] Юсупов

**№20 Т.Бердиров атындағы жалпы орта мектебінде 2023-2024 оқу жылында оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, діни экстреммизмнің зорлық-зомбылықтың , бала еңбегін қанаудың, суицидтің алдын алу мақсатындағы жоспар**

| № | Атқарылатын іс-шаралар | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Жаңа оқу жылына орай оқушылар арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу. | Қыркүйек | А.Артықов<br>Н.Тағай<br>Д.Қуатбек<br>Н.Егенбердиев<br>Ж.Ильясова |
| 2 | Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, бала еңбегін қанаудың , суицидтің алдын алу. | Қазан | А.Артықов<br>Н.Тағай<br>Х.Кубекбева<br>Н.Егенбердиев<br>Ж.Илясова<br>Жетекшілер |
| 3 | Оқушылардың арасында құқық бұзушылықтың, терроризмнің алдын алу. | Қараша | А.Артықов<br>Н.Тағай<br>Х.Кубекбаева<br>А.Айботаева<br>Жетекшілер |
| 4 | Құқық бұзушылықтың зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстарын жүргізу. | Желтоқсан | А.Артықов<br>Н.Тағай<br>Х.Кубекбаева<br>Н.Егенбердиев<br>Ж.Ильясова |
| 5 | Оқушылар арасында әлімжеттіліктің , көкпарға барудың алдын алу. | Қаңтар | А.Артықов<br>Н.Тағай<br>Х.Кубекбаева<br>Н.Егенбердиев<br>Жетекшілер |
| 6 | Құқық бұзушылықтың діни экстремизмнің алдын алу. | Наурыз | А.Артықов<br>Н.Тағай<br>Х.Кубекбаева<br>Ж.Илясова |
| 7 | Бала еңбегін қанаудың, туылған күн кештерін өткізудің алдын алу. | Сәуір | А.Артықов<br>Н.Тағай<br>Ж.Илясова<br>Н.Егенбердиев |
| 8 | Құқық бұзушылықтың алдын алу, серуендеуге шығудың, шомылудың алдын алу түнгі рейд жұмыстарын жүргізу. | Мамыр | А.Артықов<br>Н.Тағай<br>Ж.Илясова<br>Н.Егенбердиев<br>Жетекшілер |

Жоспарды түзген: А.Артыков

**№20 Т.Бердияров атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мектептің ішкі тәртіп ережесі, және кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатындағы 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарына сәйкес ата-аналармен бірге өткізілген жиналысының**

**ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні : 27.09.2023ж
Қатысқандар: 77 Ұшқын ауылы

**Күн тәртібі:**

1. **Жиналысты ашып, тақырыппен таныстыру:** ***МД Г.Жусупова***
2. **Мектептің ішкі тәртіп ережесімен ата-аналарды таныстыру. МД Г.Жусупова**
3. **«Құқық бұзушылықтың алдын алу – басты міндет»**
   ***Баяндамашы: ДТІЖО: А.Артыков***
4. **«Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында** ***: педагог-психологтартар А.Айботаева, Ж.Ильясова***
4. **«Бала құқығын қорғау» тақырыбында баяндама тақырыбында: Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы полиция капитаны М.Сарсенов, учаскелік инспектор Д.Абдимажитов**
5. **Тағыда басқа мәселелер бойынша МД Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Тағай**

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры м.а Г.Жусупова №20 Т.Бердияров атындағы жалпы орта мектебінің ішкі тәртіп ережесі жайлы түсіндіріп өтті. Мектептің ішкі тәртіп ережесінде ата-ананың және оқушының міндеттеріне жеке тоқталып өтті.Соның ішінде бірыңғай мектеп формасына жіті тоқталды.Аудан көлемінде, соның ішінде №20 .Т.Бердияров атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипаттағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мектепішілік тәрбие жоспарына сәйкес жұмыстар атқарылып жатқандығын және алдағы уақытта да жыл көлемінде жүргізілетіндігін айтып сөзін бастады. Г.Жусупова жиналыстың күн тәртібі мен мақсат міндеттерімен таныстырып өтті. Ол сөз барысында Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Алайда бүгінгі таңда баланың денсаулығы мен өміріне қауіп әлі де жоғары. Соңғы кездері кәмелетке толмағандарға қатысты заңға қайшы әрекеттер факторлары жиіленіп кетті. Жыл сайын жүздеген бала қылмыстың құрбаны болады . Оқу орындарында немесе оның маңайында болатын құқық бұзушылық алаңдатушылық тудыруда. Сонымен қатар қазіргі уақытта мектеп жасындағы балалардың көпшілігі бос уақыттарын ғаламторға, ұялы телефондарындағы әртүрлі бағдарламаларға қараумен өткізетіндігін, кейбір кездегі ғаламторға жағымсыз жаңалықтардың, бейнекөріністердің әсерінен баланың көзқарасы, психологиясы өзгеріп, ұрлық-зорлық әрекеті мен құқық бұзушылық фактілері орын алып жатады. Сондықтан әлеуметтік желілер арқылы жағымсыз көп ақпараттардың тез таралтынын, балаларының ұялы телефонында тыйым салынған сайттарға кіріп-шығу, қолдану уақыттарына құрметті ата-аналар ерекше назар аударуларыңызды сұранамын деп сөзін аяқтады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Артыков Мектептің ішкі тәртіп ережесінеің заңды құжат екендігін және, ондағы барлық тармақшалардың заң аясында жасалынғандығын, және әрбір тармағын орындаға ата-анада оқушыда міндетті екендігін түсіндіріп өтті. Күн тәртібіндегі үшінші мәселегеде тоқталып «Құқық бұзушылықтың алдын алу- басты міндет» тақырыбында ұлдар және қыздар тәрбиесі жайлы сөз бастады. Жиналыс барысында мектептің ДТІЖО А.Артыков кәмелетке толмаған балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аудандық және мектепішілік түрлі тақырыптарда іс-шаралар өтіп жатқандығын және алдағы уақыттарда жүргізілетіндігін айтып өтті. Онда Бала құқығын бекітетін маңызды заңдарға «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы», «Кәмелетке толмағандар

арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» және тағы басқа да заңдар жатады. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және оны болдырмау бағытында сынып жетекшімен тығыз байланыста болу, ата-анасыз (заңды өкілсіз) шықпауын, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіндегі 442-1, 442-2 баптарында көрсетілген талаптарды орындап, түнгі сағат 22.00-ден таңғы 6.00-ге дейін ойын-сауық орындарына бармауын, үйден тыс жерде жалғыз жүрмеуін қадағалауды, жалпы балаларды күнделікті қадағалау керек. Ата-ана әрқашан мектеппен тығыз байланыста болып балалардың қауіпсіздігін ата-аналар тарапынан қамтамасыз ету қажеттігін айтып өтті.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектептің педагог-психологы А.Айботаева «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында баяндама жасады. Қайсыбір дүниенің болмасын өз қолдану уақыты, мерзімі болады. Күн мен түнді ауыстырған жанның психикасы бұзылып, жүйке жүйесіне қысым келеді. Виртуалды өмірде жасаған әрекетін шынайы өмірде жасап қаншама бала қылмысқа барған. Бала ата-анасының жасағанын айнытпай қайталайды. Таңның атысынан күннің батысына дейін телефонды құшақтап жүретін ата-ананың баласы қандай болмақ? Әлде, олармен жарыса желіні ақтарады ма? Көз майын тауысып, кітап оқиды ма? «Ұяда не көрсең , ұшқанда соны ілерсің» дегендей отбасылардың барлығының жағдайы жақсы бола бермейді, кейбір келеңсіз отбасыларда болады, олармен тек түсіндіру шаралары арқылы ықпал ету жеткіліксіз болады. Бұл жағдайда қоғамдық ықпал медициналық және құқықтық шаралар қолданған жөн. Елімізде көптеген тұрмыстық зорлық-зомбылықтың зардабына ұшыраған балалар да кездесіп жатыр. Және сөз соңында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Ата-аналармен сауалнама» тақырыбында жұмыс жүргізді.

4.Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы полиция капитаны М.Сарсенов және Учаскелік инспектор Д.Абдимажитов Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және оны болдырмау туралы айтып өтті.

Мектепішілік ата-аналар комитетінің төрағасы Салиев Б және әкелер кеңесінің төрағасы О. Егембердиев – «Ұл тәрбиесі» , «Қыз тәрбиесі» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыптарына қосымша шолу жасап кетті. Бала тәрбиесіне отбасы тәрбиесінің жауапкершілігін күшейту керектігін, алдағы уақытта қатты қолға алу керектігін айтты. Сондықтан барлығымыз жұмыла әрекет жасауымыз керек деп ойлаймын деп сөзін аяқтады.

ДТІЖО А.Артыков жиналысты қорытындылай келе, осының алдын алу үшін, отбасылық құндылықтарды сақтауды, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілікті болдырмауға, үлкендер тарапынан жасөспірімдерге жасалатын қылмыстың алдын алуға байланысты мектеппен тығыз байланыста болуға, ата-ана мен мектеп әкімшілігі тарапында бір жақты шешімде болуға шақырды.

**Ата-аналар ком төрағасы Е.Омарбеков** сөз алып оқушылардың түнде көшеде жүрмеулерін, мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынуларын айтып өтті.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. Қорытындылай келе, мектептің ішкі тәртіп ережелінінң жүзеге асуы, тыңғылықты орындалуы қадағаланып, оқушылардың қауіпсіздік ержелерін сақтауы, мектеп формасын киюі, түнде көшеге шықпауы сынды ескертулердіосы жағдайлардың алдын алдын алу мақсатында отбасылық құндылықтарды сақтау, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілікті болдырмау, үлкендер тарапынан жасөспірімдерге жасалатын қылмыстың алдын алуға байланысты мектеппен тығыз байланыста болу, ата-ана мен мектеп әкімшілігі тарапында бір жақты шешімде болу жұмыстары күшейтілсін.

2. Бала тәрбиесінде отбасы тәрбиесінің жауапкершілігін арттыру мақсатында ата-аналардың жауапкершілігі арттырылсын.

3. Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипаттағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мектепішілік тәрбие жоспарына сәйкес жұмыстар жүйелі жүргізілсін.

| | |
|---|---|
| Мектеп директоры м.а: | Г.Жусупова |
| МДТЖЖО: | А.Артыков |
| Педагог-психолог: | А.Айботаева |
| Ата-аналар комитетінің төрағасы: | Е.Омарбеков |
| Хатшы : | Н.Тагай |










**№ 20 Т Бердияров атындағы жалпы білім беру мекемесінде, 2023-2024 оқу жылындағы 1-11 сынып оқушыларының ата-аналарына өткізілген жиналысының**

**Хаттамасы**

20.03.2024ж Үшқын А\Ө

**Қаралған мәселелер.**

1. Құқық бұзушылықтың қылмыстың алдын алу.

2. Көктемгі демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру

3. Ата-аналарға тренинг сабақ **(Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы)**

**Тыңдалды:**

**Бірінші мәселе бойынша**: мектеп директоры орынбасары А.Артыков оқушылар арасындағы түрлі келеңсіз жағдайларды болдырмау мақсатында түсіндіру жұмыстарын айтып,үнемі түнгі рейд кезекшілері жүретіндігін ескертіп өтті. Оқушыларға күнделікті уақтылы сабаққа қатысу, кафе , барларға, түнгі клубтарға, ресторандарға бармау,туған күн, түрлі кештер өткізуге болмайтындығын ескертіп, түнде беймезгіл жүрмеу керек екендігін айтты.

**Екінші мәселе бойынша**: Мектеп директоры м.а: Г.Жусупова сөз алып көктемгі демалыс кезіндегі оқушалардың қауіпсіздігі, және демалыста оқушылардың уақытты тиімді жайлы сөз қозғады. Мектептердегі ақылы және ақысыз үйірмелерге беруін, спорт пен білімді қатар алып барған оқушының ой өрісі кең болатынын және ол оқушылардан құқықбұзушылық шықпайтынын айтып өтті.

**Үшінші мәселе:** Мектеп психологтары А.Айботаева мен Ж.Ильясова ата-аналарға тренинг сабақтарын өтті..

**Ата-аналар ком төрағасы Е.Омарбеков** сөз алып оқушылардың түнде көшеде жүрмеулерін, мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынуларын айтып өтті.

**Қаулы:**

1 Сынып жетекшілер демалыс кезінде ұдайы ата-аналармен және оқушылармен байланыста болып отыру жүктелсін.

2 Ата-аналар өз балаларының тәртібін, тәрбиесін бақылауда ұстау ескертілсін.

3. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша психологтардың және сынып жетекшілердің жұмысы жандандырылсын.

Жиналыс төрайымы: Г.Жусупова

Хатшысы: Қ.Зұлқайнаров



**№ 20 Т Бердияров атындағы жалпы білім беру мекемесінде, 2023-2024 оқу жылындағы 7-11 сынып оқушыларына өткізілген жиналысының**

**Хаттамасы**

19.12.2023ж Үшқын А\Ә

**Қаралған мәселелер.**

1. Құқық бұзушылықтың қылмыстың алдын алу, түнде беймезгіл жүрмеу

2. Пиротехника мәселелері

3.Зорлық-Зомбылықтың алдын алу, күресу

**Тыңдалды:**

**Бірінші мәселе бойынша**: ДТІЖО А.Артыков сөз алып оқушылар арасындағы түрлі келеңсіз жағдайларды болдырмау мақсатында түсіндіру жұмыстарын айтып,үнемі түнгі рейд кезекшілері жүретіндігін ескертіп өтті. Оқушыларға күнделікті уақтылы сабаққа қатысу, кафе , барларға, түнгі клубтарға, ресторандарға бармау,туған күн, түрлі кештер өткізуге болмайтындығын ескертіп, түнде беймезгіл жүрмеу керек екендігін айтты.

**Екінші мәселе бойынша**: аға лейтенант А.Рүстемов сөз алып оқушалардың қауіпсіздігі мен пиротехника заттарын қолданудың алдын алу туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушылар тарапынан берілген сұрақтарға тиісті жауаптар берілді.

Мектеп ДТІЖО: А.Артыков, Н.Тағай, п-ұйымдастырушы: А.Шералиев оқушыларға сабақтан беймезгіл қалмау, қоысмша үйірмелерге қатысу туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді

**Қаулы:**

1.Сынып жетекшілер ұдайы ата-аналармен және оқушылармен байланыста болып отыру жүктелсін.

2 Ата-аналар өз балаларының тәртібін, тәрбиесін бақылауда ұстау ескертілсін.

3. Оқушылардың ата-аналарна пиротехника заттарын қолданбауын бақылау, оларға, пиротехника заттарын алып бермеу туралы сынып жетекшілері тарапынан жаппай түсіндірілсін

Мектеп директоры: Е.Юсупов

Жиналыс төрағасы: А.Артыков

